

Арқаның арда ұстазы- Хамит Жаманов

Бидайық ауылының үлгілі кітапханасында Арқаның ардагері Жаманов Х а м и т С м а й ы л ұ л ы ж а й л ы «Арқаның арда ұстазы» атты танымдық сағат өткізілді.

Оқу ағарту

үздігі, Сарыарқаға еңбегі сіңген қарт ұстаздың жүріп өткен жолдары, еткен еңбектері, қоғамда жасаған қызметтері жайлы жас жеткіншектерге, оқырмандарға қызықты да, танымдық ақпараттар берілді.

Ақынның түрлі тақырыптарда жазылған өлеңдері, ағарту жолында жасаған еңбектері яғни ел мен жер тарихына жазылған толғаныстары оқырмандарды ойландыра түсті.

Өлкемізден шыққан белгілі адамдар жайлы танымдық сағаттар біздің кітапханамызда жиі өтіп тұрады.

Мақсатымыз, оқырмандар санасына өлкетану тарихын, онда өсіп өнген танымал тұлғалар жайлы кеңінен насихаттау, жасөспірімдерді патриоттық рухта тәрбиелеу.

А.Самаева,

Бидайық ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы

